

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(22) сәуір-маусым 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖЫЛДАРЫНДА ЖӘНЕ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ (1924-29 жж.)

Кабдушев Б.Ж.¹, Құдайбергенұлы Б.²

¹Т.ғ.к., доцент. Алматы энергетика және байланыс университеті.

²Т.ғ.к., Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ.

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Нығмет Нұрмақовтың үкімет төрағасы ретінде өнеркәсіпті қалпына келтірудің жұмысын үйлестіру, құлдыраған, қомақты қаржыны қажет ететін ірі және ұсақ өнеркәсіптерді іске қосу мәселелері қаралады. Ол үкімет басшысы ретінде ірі кәсіпорындардың тыныс-тіршілігін жіті бақылап, жан-тәнімен әрбір өзгерісіне дейін елендеп отырғаны айтылады. Республикамызда өндірілген шикізаттарды барынша өңдеуге болатын мүмкіндіктердің бар екендігін айтып, шикізат өндіретін ғана аймақ емес, осы шикізатты дайын тауар күйіне жеткізе алатын индустриалды елге айналдыру идеясының жағында болғандығы баяндалады. Қазақ үкіметінің төрағасы ретінде ол жаңа экономикалық саясат жағдайында экономиканы дамытудың негізгі өзегі ретінде сауданы жандандыруға айрықша көңіл бөледі. Ішкі сауданы ұйымдастыруға аймақтық жәрмеңкелердің рөліне басты назар аударса, сыртқы сауда байланысын күшейтуде іргедегі Қытай елімен Қорғас, Бакты кедендері арқылы жүргізілетін сауда қатынасына басымдық берілді. Әсіресе Еуропаны Сібір арқылы Орта Азиямен байланыстыратын Карск экспедициясы деп аталатын сауда жолының Қазақстан үшін қосқан маңызы шексіз болды. Маңызды мәселелердің бірі еркін қаржы саясатын жүргізу үшін Орталық билік органдары алдына талаптар қойып, республика мүддесі үшін күресті.

Түйін сөздер: Қорғас кедені, Кенжин, Ойыл жәрмеңкесі, Карск экспедициясы, Қазақ үкіметі, индустрияландыру, Нұрмақов, былғары зауыттары, шикізат өндіру, концессия, губерния, жәрмеңкелер, Сауда комиссары

Н. НУРМАКОВ И ВОССТАНОВЛЕНИЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА В 1924-1929 гг.

Кабдушев Б.Ж.¹, Құдайбергенұлы Б.²

¹Кандидат исторических наук, доцент, заведующий кафедрой социальных дисциплин Алматинского университета энергетике и связи, Казахстан, г. Алматы.

²Кандидат исторических наук, и.о. заместителя директора по научной работе Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается деятельность Ныгмета Нурмакова на посту Председателя Совета Народных комиссаров в восстановлении разрушенных гражданской войной предприятий края в 1924-1929 гг. Нурмаков, будучи главой правительства республики, непосредственно управлял ходом восстановления народного хозяйства и вложил все силы и знания для того чтобы вывести страну на уровень индустриально развитой. Особое значение Нурмаков придавал торговле, как основе восстановления и дальнейшего развития экономики края. Нурмаковым была проведена большая работа по расширению торговых отношений с соседним Китаем через таможенную Хоргос, Бакты, а также с Европой и Средней Азией через Карскую экспедицию.

Ключевые слова: Казахское правительство, индустриализация, Нурмаков, кожевенные заводы, производство сырья, концессия, губерния, ярмарки, комиссар торговли, Карская экспедиция, Уилская ярмарка, Кенжин, томожня Хоргос.

N. NURMAKOV AND RESTORATION OF KAZAKHSTANI INDUSTRY IN 1924-1929

Kabdushev B.Zh.¹, Kudaibergenuly B.²

¹Candidate of Historical Sciences, Associated Professor, Head of the Department of Social Sciences, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Kazakhstan, Almaty.

²Candidate of Historical Sciences, Acting Deputy Director for Science of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. The article deals with the activities of Nygmet Nurmakov as a Chairman of the Council of People's Commissars on the restoration of the enterprises of the region destroyed by the civil war in 1924-1929. Nurmakov, as the head of the government of the republic, directly controlled the restoration of the national economy and used all his strength and knowledge in order to bring the country to the level of an industrialized one. Nurmakov gave particular importance to trade, as the basis for the restoration and further development of the economy of the region. Nurmakov did a great job to expand trade relations with neighboring China through the customs of Khorgos, Bakty, as well as with Europe and Central Asia through the Karsk expedition.

Keywords: Kazakh government, industrialization, Nurmakov, tanneries, production of raw materials, concession, province, fairs, commissioner of trade, Karsk expedition, Uil Fair, Kenzhin, customs Khorgos.

Кіріспе

1924-1929 жылдар аралығында ауыл шаруашылығымен қатар Қазақстанның өнеркәсібі де қалпына келтіріліп, нығая түсті. Олар негізінен ауыл шаруашылығына қатысты шикізат өнімдері есебінен дамып қоймай, республикамыздың жер асты бай қазба қорларына да сүйеніп өркендеді.

Н. Нұрмақов өнеркәсіптің аса маңызды салаларының көрсеткіштерін 1927 жылы жазған «Октябрь Қазақстанға не берді?» атты мақаласында қысқаша сипаттай келіп: «... Жалпыодақтық маңызы бар Риддер және Ембі мұнай зауыттарын қалпына келтірдік, Атбасарда мыс өндіретін ірі зауыт салынды, жергілікті шикізатқа негізделген былғары, тұз зауыттарының қалпына келтірілуі – мұның барлығы біздің жетістіктеріміз» деп қысқа мерзімдегі Қазақстанның қол жеткізген табыстарын мақтан етеді (Нурмаков, 1926: 2). Әрине, ол табыстарға жеткізген жол алдырмас асулар мен биік белестерден тұрды. Қазақстан халқының, көмекке келуші туысқан халықтардың өлшеусіз еңбегі мен бірлігінің нәтижесінде, әрі үкіметтің шаруаны шебер ұйымдастырып, басқаруымен жүзеге асырылған жетістіктері еді.

Ашығын айту керек, мұнда кейбір сәтсіздіктерімен қатар шешімін таппаған немесе жүзеге аспаған шаруалар, тіпті кеңес саясаты тұрғысында айтуға болмайтын ақтаңдақтардың болғаны рас. Н. Нұрмақов үкімет басына келген алғашқы күндерінен-ақ өнеркәсіп мәселесіне айрықша көңіл бөліп, қалпына келуі мен дамуын үнемі назарында ұстады. Өнеркәсіптің республикамызға тигізер пайдасын, әсіресе қазақ ұлтының қатарында маманданған жұмысшы өкілдерінің қалыптасуындағы рөлін ерекше атап отырған. Ақиқаты, төңкеріске дейін жұмыс істеп келген өндіріс салаларының дені, нақ осы Н. Нұрмақов үкіметті басқарған жылдары қайта қолға алынып, аяғынан тұрғызылды. Көпшілігі толық қуатымен іске қосылып, қайсыбірі жаңғыртылды, жетілдірілді немесе қайта салынды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуға арқау болған материалдар негізіне ғылыми айналымға енбеген архив құжаттарын құрап отыр. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін талдап көрсетудегі мұрағат қорларының, басқа да дерек көздерінің өзіндік орны бар. 1924-29 жылдар аралығында Халком Кеңесінің төрағасы қызметін, көзқарасы, ұстанымдарын талдап шешуге Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивіндегі Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің (5 қоры және құпия қоры), Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің (30 қоры және құпия қорлары), Жер ісі Халық комиссариатының (74 қор) және т.б. қорлардың құжаттары негізге алынды.

Жалпы жұмыстың деректемелік негізіне Н. Нұрмақовтың 20-30 жылдары «Қызыл Қазақстан», «Советская степь», «Еңбекші қазақ» т.б. мерзімді баспасөздегі жарияланған мақалалары мен жеке еңбектері (Строительство Казакстана. - Кызыл-Орда: Казиздат, 1929., т.б.), сондай-ақ «Советская Киргизия», «Народное хозяйство Казакстана», «Власть Советов», «Жизнь национальностей», «Революция и национальности» т.б. республикалық және одақтық басылымдарда жарық көрген материалдар, үкіметтің есептік басылымдары кеңінен пайдаланылды.

Мақаланы жазуда объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды. Тәуелсіздік заманында тарихи тұлғалардың қызметін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу талабы қойылуда. Сондықтан зерттеудің үлгісіне соңғы жылдарда жарық көрген саяси қайраткерлердің өмірі мен қызметі туралы еңбектер негіз болды. Архивтегі ғылыми айналымға енбеген құжаттар салыстырмалы түрде сараптаудан өткізілді.

Талқылау

Қазақстанның тәуелсіздігімен отандық тарихнамада тарихи тұлғаларды да зерттеп бағалаудағы жаңаша үрдістер жандана бастады (Қозыбаев, 1992: 272). Осыған орай, Н. Нұрмақовтың да қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметіндегі ұлттық мүдделерді қорғаған ұстанымы, көзқарасы жайлы объективті ғылыми баға беру мәселесі көтерілді. Алғашқылардың бірі болып белгілі тарихшы М. Қойгелдиев «Ұлтшылдықпен күрес науқаны» деп аталатын 1990 жылғы «Социалистік Қазақстанда» жарық көрген сериялы мақалаларында 1920-30 жылдарда ұлтшылдықпен айыпталған бір топ қазақ қайраткерлерінің мемлекеттік-саяси қызметінің «ұлтшылдығының» мәнін талдап, тың тұжырымдар жасады. С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов сынды қайраткерлердің ел үшін жанпида қызметіне ұлтшылдық рең беру ойластырылған жымысқы саясат болғанын салмақтап, Нұрмақовтың да айтыстар барысындағы ұлттық ұстанымынан мысалдар берген. Мәселен, Ақтөбе губерниясының Елек ауданын Орынбор губерниясына беру туралы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің біржақты шешіміне үзілді-кесілді қарсы болғанның бірі Н. Нұрмақовтың: «Орталық жеке аудандардың тағдырын ұлттық құрамына қарай өз еркінше шеше беретін болса, онда болашақта Қазақстан Республикасының сақталып қалуы мүмкін емес» деген пікірлерін береді. Сөйтіп, өзге де қазақ қайраткерлерімен қатар Нұрмақовтың да мемлекеттік-саяси қызметін жаңа көзқарас тұрғысынан қарау жайлы мәселені көтеріп, мүлдем белгісіз зерттелмей келген тұстарын архивтік дәйектермен хабардар етті (Қойгелдиев, 1992: 2).

Тарихымыздың ақтаңдақ беттеріне арналған тарихшы-ғалым Талас Омарбековтың ғылыми талдамаларында Н. Нұрмақовтың да қайраткерлік болмысы турасында сындарлы пікірлер айтылады. Ф.И. Голощекинге қарсы оппозицияны құраған С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев т.б. қатарына Нығмет Нұрмақовты да қояды. Ал тәркілеуге қатысты Халком Кеңесі төрағасының ұстанымын құжаттармен негіздеу қадамының өзі зерттеушілерді қызықтыра түскені аян (Омарбеков, 1995: 27). Осы бағытпен мемлекет қайраткері Н. Нұрмақовтың

отырықшыландыру, қазақтың мал шаруашылығын дамытудағы көзқарасы жайлы архивтік деректерге сүйеніп, жаңаша тұжырымдар жасаған тарихшы-ғалымдар Е. Қуандықов, Д. Махаттың еңбектерін де атаған жөн. Е. Қуандықовтың бірнеше тақырыпшадан тұратын шағын кітапшасында Орынбор губерниясының Ресей құрамына берілуге қатысты туған жер мәселесіндегі дауға Нығмет Нұрмақовтың көзқарасын тың деректермен беруі де ерекше назар аудартады. Автор Н. Нұрмақов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев секілді қазақ қайраткерлерін «батыл оймен, қауіпті айтыстарға түскен, ұлты үшін басын тіккен» басшылар болған деп бағалайды (Қуандықов 1999: 104). Д. Махаттың зерттеу еңбегінде Н. Нұрмақов қазақ зиялыларының 1920 жылдардағы қызметіне біржақты баға беруге қарсы шыққан алғашқы мақаланың авторы ретінде көрсетілген. Сондай-ақ қазақтарды жерге орналастыру, жұтқа тап болған қазақ шаруашылығына көмек беруге байланысты Ф.И. Голощекинмен арадағы келіспеушіліктердің болғанын мұрағаттық дәйектермен бейнелеген. Нәтижесінде Н. Нұрмақов Голощекиндік бағытқа қарсы тұрушы үшінші ағымының уағыздаушысы ретінде бағаланған. «Үшінші ағым – бұл іс жүзіндегі «сәдуақасовшылдық» ағым. Аналардан қауіптірек, зияндырақ ағым...» деп Ф.И. Голощекиннің өзі түсініктеме беруі арқылы Н. Нұрмақов және оның тобымен ешбір ымыраға келу мүмкін еместігін ашық білдірген еді (Махат, 2001: 304).

Нәтижесі

1924 жылдың 4 желтоқсанындағы «Советская степь» газетінің тілшісімен сұхбатында Н. Нұрмақов үкіметтің атқарар міндеттерін талдай отырып: «Ең басты мәселе, Қазақстанның өнеркәсібін дамыту, атап айтсақ, олар: Екібастұз, Риддер және Ембі мұнай өндіріс орындары. Мұндағы Екібастұздың ерекшелігі қазақ жұмысшылары шоғырланған», – деп мәлімдеген болатын. Сонымен қатар өнеркәсіп саласындағы қалыптасқан ахуалды зерттеуге құрылған үкіметтің арнайы комиссиясы өз жұмысын бастап кеткендігін де хабарлаған еді. Үкіметке жалпыодақтық маңызы бар ірі кәсіпорындарды қалпына келтіріп, жұмысын жандандыру үшін Орталықтың осы мәселеге назарын аудару қажет болды. Өйткені, кәсіпорындарды қаржыландырумен қатар олар өндірген өнімнің де сұранысын белгілеу Мәскеудің қолында болатын.

1924 жылдың 24 желтоқсанында өткен Халком Кеңесінің мәжілісінде Н. Нұрмақовтың басшылығымен Қазақстандағы ең ірі өнеркәсіптік ошақтардың бірі Екібастұз бен Риддердің жағдайы қаралды. Мәжіліс қос кәсіпорындағы қалыптасқан ахуалды салмақтай келе мынадай шешімдер қабылдаған:

– Орталықтан бөлінетін дотация негізінде Екібастұзда қорғасын өндірісін дамыту және Екібастұздың көмірін өткізетін аудандарын белгілеу арқылы оны шығынсыз өндіріске айналдыру;

– Риддерді Екібастұздың қорғасын зауытын қамтамасыз ететін көлемде қызметін жандандырып, екеуін де бір өндірістік бағытта жұмыс істейтін сала ретінде біріктіру (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 310-іс, 185-187 п.п).

Құжатта сондай-ақ, Орталықтан Екібастұз зауытының өндірістік бағдарламасын кеңейтуге рұқсат сұралатын болып, қорғасынға қоса алтын, күміс өндіру және Сібір рыногын Кузбасс пен Екібастұздың арасында бөліске салу сияқты нақты ұсыныстар белгіленді. Ал, комиссияға зерттеуді жалғастыру, нәтижелері мен жобаларын әр мәжіліске дайындап әкеліп отыру тапсырылды.

1925 жылы қаңтар айының соңында С. Қожанов, Н. Нұрмақов бастаған Қазақстанның бір топ партия әрі үкімет басшылары Мәскеуге жол жүріп кетті (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 470 -іс, 43 п). Оларға жас республикамыздың алдында тұрған келелі мәселелердің басын ашып алу үшін, орталық үкіметпен келіссөздер жүргізу керек еді. Атап айтқанда, олар Ақмешітке көшу, онымен

байланысты туатын территория мәселелері, Орынбордың бөлінуі мен Сырдария, Жетісуды бөліп алуға байланысты туындаған қайшылықтар мен қатар халық шаруашылығын дамытудың жолдары, оның ішінде осы қирап қалған немесе іске қосу үшін қаржыны қажет ететін ірі және ұсақ өнеркәсіптердің мәселесі де бар болатын.

1925 жылдың қаңтарында БК(б)П Орталық Комитеті Риддер және Қарсақпай өнеркәсіптерін жүйелі түрде қалпына келтіру әрі қайта құру жайында қаулы қабылдады. Мұның өзі Қазақстан үкіметінің дайындаған жобалары мен қабылдаған шаралары негізінде мүмкін болды. Қазақ үкіметінің біріктіру жайындағы ұсыныстары дұрыс деп табылып, «Атбасартүстіметалл» және «Алтайқазақполиметалл» трестері құрылды. Бір ғана Риддердің өзіне 1924-1928 жылдары Орталықтан 15 млн сомнан астам қаржы бөлініп байыту фабрикасы, қорғасын заводы, электростанциялар салынды. Кадр мамандармен қамтамасыз етілді.

Мұнай өндірісі де азамат соғысы жылдарында толық құлдыраған болса, 1926 жылы қалпына келіп, 16.650.000 пұт мұнай өндіретін дәрежеге жетті (Нурмаков, 1926: 2). Ембі мен қатар Доссор және Мақаттағы мұнай өндіріс орындары қайта жабдықталып, қазақ жұмысшылары шоғырланған салалардың біріне айналды. Әйтсе де, мол қаржыны қажет ететін Қарағанды және Екібастұз көмір кеніштері Спасск мыс қорыту және Екібастұз мырыш зауыттары, Успенск руднигі тоқтатылды немесе толыққанды жұмыс істей алған жоқ. Үкімет бұл өндіріс орындарын іске қосудағы мүмкіндіктерді әрдайым қалт жібермей, олардың республикаға да, одаққа да тигізер пайдасын дәлелдеп бақты. Мысалы, 1926 жылдың 24 қарашасында Мәскеудегі Қазақстан өкілеттісіне Н. Нұрмақов былай деп жазыпты: «Риддердегі мырыш концентраттарын Екібастұзда қорыту шешімін қорғап, мырыш концентраттарын Қазақстан территориясынан тыс өндіру мәселесіне келісім бермеңіздер! Сондай-ақ Екібастұздағы көмір кеніштерін қалпына келтіру мәселесін көтеріп, қазу жұмысы Павлодарға қарай бағытталуы керек», – дейді (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 608-іс, 72 п). Н. Нұрмақов көмір өндірудің Павлодарға қарай бағытталуы Семей және Ақмола губерниясын көмірмен қамтамасыз етуге және металл рудаларын өндіретін кен орындарын жандандыруға мүмкіндік береді деп санады. Жалпы оның бұл талап-тілегіне қарап, біз мынадай ойлар түйдік: Біріншіден, 2 жыл бұрын көтерілген Екібастұзды жандандыру мәселесі үкіметтің күн тәртібінен түспеген өзекті шаруаларының бірі болып қала бергендігін көреміз. Н. Нұрмақов Риддерді Екібастұзбен байланыстыру туралы кешегі ойынан бас тартпай, ерекше қарқынмен дамып келе жатқан Риддердің күш-қуатына арқа сүйеп, Екібастұздағы өнеркәсіптерді тірілту, жан бітіруге болатын оңтайлы сәттерді пайдаланып қалуға тырысқан, яғни аталған ірі кәсіпорындардың тыныс-тіршілігін жіті бақылап, жан-тәнімен әрбір өзгеріске дейін елеңдеп отырған Н. Нұрмақов олардың бір-бірімен тығыз байланыста болуын қалады. Екіншіден, Нығмет Нұрмақовтың Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы турасындағы айқын көзқарасын бағамдауға болады. Республикамызда өндірілген шикізаттарды барынша өңдеуге болатын мүмкіндіктердің бар екендігін дәлелдейді. Ендеше, Қазақстанды тек шикізат өндіретін ғана аймақ емес, осы шикізатты дайын тауар күйіне жеткізе алатын индустриалды елге айналдыру идеясының жағында болды деп айтуымызға толық негізі бар. Оның үкімет басшысы ретіндегі өнеркәсіп бағытындағы бұл ұстанымын кейінгі жұмыс нәтижелерінің өзі-ақ растай түседі.

Н. Нұрмақов үкіметтің өнеркәсіпті қалпына келтіру барысындағы жұмысын дұрыс үйлестіріп отыру үшін, бірнеше бағытта жұмыс жасаған комиссияларды, комитеттерді құрды. Айталық соның бірі – 1925 жылы құрылған Концессиялық комитет. Орталық үкімет Ембі арқылы Александров – Гай және Чарджоуді байланыстыратын теміржол салу, бос жатқан далаға мақта егу, Белуха тауының таулы және жазық даласын өңдеуді шетелдік капитал негізінде жүзеге асырудың жобаларын жасап, келіссөздер жүргізіп жатты (ҚР ОМА. 30 «к»-қ., 7-т., 10-іс, 43-п). Осыған орай Н. Нұрмақов бұл келісімнің оны мен солын салмақтап, республика мүддесін қорғап отыру үшін 1925 жылы 22 қазанда Халком Кеңесінің құрамында Концессиялық комитет

құру жайында қаулы қабылдады. Төрағасы өзі, мүшелері Ұзақбай Құлымбетов, Әлиасқар Әлібеков, Сергей Панин, Абылай Серғазиев болды.

Қазақстанды экономикалық жағынан терең зерттеу, табиғи жер асты байлықтарын өндіру мол қаржыны қажет етері даусыз. Қазіргі біздің жағдайымызда мұны тек шетелдік капиталды қатыстыру арқылы ғана жүзеге асыруға болады, деп есептеді Н. Нұрмақов (ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 10-іс, 117 п). Қазақстанның бүгінгі тәуелсіздік жағдайында мұндай ұстаным ешкімді таңдандыра қоймасы анық. Ендеше, оның «Александров – Гай – Чарджоу» құрылысын ерекше үмітпен, қуанышпен қабылдағанын, өз ойлары, жобасы, келісімін берген бірнеше құжаттардан білуге болады (ҚР ОМА. 30 «к»-к., 7-т., 10-іс, 111-123 п.п). Өкінішке орай, Қазақстанның батысын жарып өтіп, Ресей, Еуропалық бөлікті Орта Азия республикалары, Ауған, Иран, Пәкістан сияқты елдермен тікелей байланыстыратын құрылыс жобасы жүзеге аспай қалды.

1926 жылдың қаңтар айында Н. Нұрмақовтың ұсынуымен Халком Кеңесі құрамында Қазақстандағы ірі өнеркәсіптерді дамытудың бағыттарын белгілейтін Кеңесті шақыруға дайындық жұмыстарын жүргізетін ұйымдастыру бюросы құрылды. Оған жетекшілік жасау Халком төрағасының орынбасары А. Серғазиевке жүктелді (Нурмаков 1926: 5).

1926 жылдың сәуірінде Қызылордада одақтық және республикалық шаруашылық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен алғаш рет Қазақстандағы өндірістік күштерді дамыту мәселелері бойынша кеңес өтті. Кеңес Қазақстанның өнеркәсібін дамытудың нақты шараларын белгілеп, қарарлар қабылдады (Материалы... 1926: 10).

1924-1925 жылдары Н. Нұрмақов Қазақстанның территориялық межелену тұсында республика өнеркәсібі жүйесінің тұтастығын қорғап, Ресей құрамында қалған өндіріс аудандарын қайтаруға да ат салысты. Үкімет мүшелерінен құрылған комиссия Мәскеуге бірнеше рет барып, еш нәтиже шығара алмағаны белгілі. Сондай-ақ сол жылдары орыстар басым келетін бірқатар елді мекендердің өтініші негізінде БОАК шешім қабылдап, Қазақстаннан Ресейге кейбір аудандарды да қосқан болатын. Осы мәселеге қатысты Қазөлкекомдағы қызу айтыстардың бірінде Н. Нұрмақов: «Орталық жеке аудандардың тағдырын ұлттық құрамына қарай өз еркінше шеше беретін болса, онда болашақта Қазақстан Республикасының сақталып қалуы мүмкін емес» деп, өз пікірін ашық білдірген еді. Мысалы, Омбыға Ақмола губерниясының Шерлақ уезінің қосылғаны да сол жылы. Жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі орыстар болғандығы ескеріліп, жоғарыдағылар тарапынан осындай біржақты шешімдерге жол берілді. Әйтсе де қазақ басшыларының кейбір елді мекендерді барынша қорғап қалуға тырысудың мәні тереңде еді. 24 сәуірде 1926 жылы Қазақ АКСР-і мәселелері бойынша құрылған Орталық Комитеттің комиссиясының мәжілісінде Қазақстанның ұлттық территориялық құрылуындағы экономикалық мүдделері бойынша келісімге келе алмауға қатысты Қазатком төрағасы Жалау Мыңбаев, Халком Кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақов және Мәскеудегі БОАК жанындағы Қазақстан өкілеттігінің өкілі Мырзағалиев Мұхамедхафийдің қолдары қойылған БК(б)П ОК саяси бюросына наразы хат жолданды (ҚР ОМА. 5-к., 7-т., 165а-іс, 1-п). Онда қысқаша алсақ, мына мәселелер бойынша өтініштерін қанағаттандыруын сұраған: біріншіден, Орынбор губерниясының территориясын төңкеріске дейінгі шекарасымен белгілеп, Қазақстанға «миллиондық үлесін» қайтару; екіншіден, Урал (Сібірдегі) алтын өндірісі жүйесінен Қостанайдың Жетіқара алтын кеніштері тобын (Бозби, Аққарағай, Айдарлы) бөліп біріккен «Қазақ алтын» тресінің құрамына беру; үшіншіден, Басқұншақ тұз өндірісін Қазақ АКСР-іне қайтару сияқты нақты мәселелердің 1924 жылдан бері шешімін таппай, аяғы сиырқұйымшақтанып бара жатқаны мәлімделген. Аталған өндіріс орындарының жалпыодақтық маңызын мойындай отырып, Қазақстан үшін әкімшілік басқару арқылы көпшілігі қазақтар болып табылатын тұрғындарды мәдени-әлеуметтік жағынан орналастыру, қазақ жұмысшылары шоғырланған пролетариат табының орталығына айналдыру сияқты ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың аса қажеттігін сендіреді. Ізінше осы шаруаны шешуге

Қазатком төрағасы Ж. Мынбаевтың баруы келісіліп, ол қызметін уақытша атқаруды Нығмет Нұрмақовқа табыстап кетеді (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 435-іс, 83-п). Бұл қазақ басшыларының тізе қосып, ел мүддесін қорғауда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмылып отырғандығының дәлелі.

Нұрмақов Нығметке де 5 жылға таяу бүтін бір республиканың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын үйлестіріп отыру шаруасының өзі оңайға түскен жоқ. Қазхалком Кеңесінің бұйрықтар кітапшасында оның төрағасының 1 жыл 2 айдан астам (1925 жылдан) уақыттағы жұмысының кестелі есебі жасалған екен. 455 жұмыс күнінің 199 күні аппаратта, 203 күні іссапарда өтсе, 57 күні демалысын (ол кездегі демалыс 2 ай болатын) құраған (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 7-іс, 9-п). Іссапарының тең жартысы Мәскеумен байланысты болса, қалғаны губерниялардағы шаруашылықтарды аралауға кеткен. Күн-түн демей экономиканы дамыту арқылы елдің әлауқатын көтеріп, тұрмысын жеңілдетуді ойлаған, бір сөзбен айтсақ, елінің ертеңгі жақсылығы үшін бар күш жігерін сарп еткен шаруақор үкімет басшысы Н. Нұрмақовтың бір жылдық қызметінің сипаты осындай!

Тарихымыздан белгілі, азамат соғысының ауыр зардаптарын біртіндеп жойып, аштықтан әлсіреген елдің есін жиғызып жатқан тұста, олжадай етектеп кеткен территорияларды қайтару оңайға түспеді. Оған қоса Қазақстан жеріндегі одаққа қарайтын бірқатар өндіріс орындарының басқарылуы әрі тапқан табысы да орталықтың құзыры мен қалтасында болатын. Сол жылдардағы үкіметтің жалпы бұқараға ұсынған есептік ақпарларына сүйенсек, Қазақстан өнеркәсібін маңызы мен бағынуына орай былайша топтауға болады екен:

1 КСРО Бүкілодақтық Халық шаруашылығы (БОХШ) Орталық өнеркәсіп басқармасының құзырындағы кәсіпорын – Ембі-мұнай.

2 Башқұрт Республикасы, Урал (Ресейдегі) облысы трестерінің құрамындағы кәсіпорындар:

а) Оңтүстік-Орынбор орман тресі «Орлес» (кейін түбегейлі Орынборға қарады).

ә) «Уралатын» тресінің құрамына енген Қостанай губерниясының бір топ алтын кеніштері.

б) Астраханьдағы Волга-Каспий тресіне қараған Қазақстан территориясындағы Каспий және Орал (Жайық) балық шаруашылығы.

3 РКФСР БОХШ мандаты негізінде халық шаруашылығының Қазақстандық Орталық Кеңесі басқаратын жалпы федеративтік маңызы бар кәсіпорындар – Екібастұз және Риддер.

4 Қазақ өлкелік органдар мен Халкоматтар басқаратын өлкелік маңызы бар кәсіпорындар: Електұз тресі, Павлодартұз тресі, Қазақалтын тресі, Былғары-тері тресі, Қазақбалық тресі, Алматы мата фабрикасы, Шек зауыттары.

5 Жергілікті шаруашылық бөліміне (ЖШБ) қарасты жергілікті маңызы (диірмендер, май шайқау зауыттары, шарап жасау зауыттары, мақта тазалау зауыттары және т.б.) (Отчет... 1925: 19-20). Оларды әр губерниялар бойынша таратып жатпадық. Мақсатымыз, өнеркәсіп саласындағы жалпы ахуалды сипаттау еді. Деректерден айқындалғаны Қазақстандағы өндіруге негізделген ірі кәсіпорындарының дені Орталыққа бағынады немесе Ресей губернияларына қаратылған. Ал өндеуші салалар, әсіресе жеңіл өнеркәсіп салалары Қазақстанның өлкелік және жергілікті басқару органдарының билігінде болды. Ендеше, республиканың өнеркәсіптік даму деңгейін белгілеуші де, ішкі-сыртқы сұранысын қамтамасыз етіп, мемлекеттің бюджетіне нақты пайда әкелуші де осы салалар еді. Солардың кейбіріне тоқталайық.

Н. Нұрмақов 1925-1929 жылдардағы өнеркәсіп құрылысында Қызылорда және Семей, Алматы, Петропавл сияқты бірқатар қалаларда былғары зауыттарын салуды немесе қалпына келтіру, қайта жабдықтауды жүзеге асырып, былғары кәсіпорындарын Қазақстандағы алдыңғы қатарлы өндіріс салаларының біріне айналдырды. Жалпы алғанда бұл сала 1927-1928 жж. 4 млн. 827 мың сомның өнімін шығарған болса, 1928-1929 жж. 7 млн. 037 мың сомның өнімін шығарып, 45.8 пайызға өсім берген. Қызылордада төңкеріске дейін де былғары сұранысын

қанағаттаныратын зауыт салынып, 20 мың ірі былғары өндіретін деңгейге жетіпті. Әйтсе де, азамат соғысы кезінде зауыт иесіз, күзетсіз қалып, түбегейлі қираған болатын.

1924-1925 жылдары экономиканың қалпына келе бастауына орай, Торғай, Орал, Қарақұм және т.б. аудандар арқылы жеткізілетін тері, жүн айырбасы күшейе түсті. Олардың бәрі Қызылорданы (кешегі Ақмешіт) басып өтетін. 1925-1926 жылдардың санағы бойынша Қызылорданың аймағындағы қара базарларда 165 мың ірі тері, 706 мың ұсақ тері өткізілген. Үкіметтің орталыққа берген мәліметтеріне қарағанда Қызылордадағы кешегі былғары зауыты қалпына келтіру мүмкін емес, сондықтан жаңасын салу керек. Оған қажетті жұмыс күші де, жұмыссыз қалған кешегі зауыттың кәсіби мамандары да жеткілікті еді (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 441-іс, 142 п.п). Осы жайлар ескеріліп РКФСР Бүкілодақтық Халық Шаруашылық төралқасы 1925-1926 жылғы құрылыс жоспарына Қызылорда және Семейде былғары зауытын салу қажеттігін мақұлдап, тиісті қаржы бөлуге келісті. Семейдегі ахуалдың сипаты осы шамалас, республикамыздың шығысы мен орталығын байланыстыратын, Сібірге ашылған қақпа болғандықтан былғары зауытын салу мәселесінің қойылуы өздігінен түсінікті. Сонымен бір мезгілде Семейде ет комбинатын салу жобасы да айрықша қойылып, шешілу үстінде болатын. 1926 жылы аталған зауыттардың құрылысын тездету үшін құзырлы мекемелерге тапсырмалар берілді. Айталық, Халком Кеңесінде ол шаруа бірнеше қаралып, мәселенің анық-қанығына жеткен соң, Мәскеуге Қызылорда былғары зауыты үшін 750 мың сом қаржыға сұрату салыпты (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 441-іс, 143 п).

1926 жылдың ақпанында Халком Кеңесінде Семейдегі былғары зауытының құрылысы да қаралды (ҚР ОМА. 30 «қ»-қ., 1-т., 7-іс, 9-п., 34 п). Зауыттың болашағы тағы да аталып, кезек күттірмес құрылыстың бірі ретінде орталықтың көзін жеткізу қажет деп тапқан соң, жоспарлау комитетіне, Семей губерниялық атқару комиттеріне дайындық жұмыстарын жүргізу, жұмсалатын қаржы көлемін есептеп шығару міндеттелді. Жалпы бұл құрылысқа мән берудің маңызы мынада: Қазақстанда қалпына келтіріле бастаған өнеркәсіп саласындағы былғары өндірісінің деңгейі жоғары болатын. Өндірілген өнім 1922-1923 жж. – 41.521 мың сом болса, 1924-1925 жж. – 133.270 мың сом болған, яғни, 3 еседен астам өскен (Нурмаков 1926: 2). Мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың баяндамаларында Қазақстандағы өнеркәсіптің қалпына келу жетістіктерінің алдыңғы сапында үнемі осы өндіріс саласы тұратын. 1927 жылғы 12 қыркүйекте өткен Қазаткомның төралқа мәжілісіне қатынасушыларды Нұрмақов республикадағы халық шаруашылығының жағдайымен қысқаша таныстырды. Оның түйіндеуінше «1926-1927 жж. халық шаруашылығында жалпы өндірілген өнім 595 млн. сомды құраса, ондағы өнеркәсіп өнімінің үлесі 77 млн. сом, яғни, 13 пайызын ғана құраған». Өнеркәсіп салаларына тоқталғанда Н. Нұрмақов бірінші кезекте былғары өндірісінің үлкен болашағы бар деп, атап көрсетеді. «Бізде Петропавловскіде былғары зауыты бар, Семейде зауыт салынып жатыр, бір сөзбен айтқанда барлық губернияларда былғары зауыттары бар. Енді Алматыда былғары зауытын салуды ойластырып жатырмыз» – деп, дәлелдерін бекіте түседі. Жалпы алғанда бұл сала 1927-1928 жж. 4 млн. 827 мың сомның өнімін шығарған болса, 1928-1929 жж. 7 млн. 037 мың сомның өнімін шығарып, 45.8 пайызға өсім берген. Бұл нәтиже үкіметтің ұйымдық, атқарушылық жұмысының нәтижесі екендігін жоққа шығаруға болмас.

Өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі қомақты келесі саланың бірі – тоқыма өнімдері. Соғысқа дейін тоқыма өнімдерінің көлемі 240 мың аршын болса, 1925-1926 жж. 190 мың аршынға жетіп, төңкеріске дейінгі көрсеткіштің 80 пайызын құраған екен. Нығмет Нұрмақұлының айтуынша, Жетісудың мата фабрикасы Қазақстан халық шаруашылығының Орталық Кеңесінің құзырына көшкенге дейін, Түркістанның облыстық сауда мекемесіне қараған. Олар, фабриканың тапқан табысымен қоса, айналымындағы бар капиталын да алып кетіп, фабриканы ауыр жағдайда қалдырыпты.

1926 жылдың мамырында Н.Нұрмақов Қазөлкекомға Алматы мата зауыты бойынша былайша түсініктеме берген: «Қазіргі кезде фабрикаға қажетті қаржы бөлініп, бар күшімен жұмыс істеп жатыр. 1924-1925 жж. 180 мың аршын мата өндірілсе, 1925-1926 жылдарға сол өндірістік құрал-жабдықтары негізінде өндіру жоспарын 190 мың аршынға бекітіп отырмыз. Өнімді өткізуде қайшылықтар болғанымен оны қазір шештік. Ташкент облыстық сауда мекемесі алып кеткен 196 мың сом фабрика капиталын, біртіндеп қайтарудың шаралары қарастарылды ...» – деп хабарлайды (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 1129-іс, 105 п).

Үкімет тарапынан Нұрмақұлы Нығмет Алматы мата фабрикасының мынадай мәселелерін шешуге күш салды: біріншіден, ескірген өндіріс құрал-жабдықтарын қайта жаңғырту. «Оған өлкелік қордан арнайы 135 мың сом бөлу туралы шешім қабылдадық, мұның өзі ақша қорының тапшы жағдайында жасалып отыр» деген болатын Н. Нұрмақов (ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 1129-іс, 99 п). 1928 жылы 16 қыркүйектегі Мәскеудегі Қазақстан өкілеттігіне жолданған жеделхатта М. Мырзағалиевке: «Алматы мата фабрикасын қайта жабдықтау мәселесін қорғап шығуың қажет» (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 750-іс, 270 п) дегеніне қарағанда мәселенің шешілуі мақсатына толық жете алмаған болуы керек. Екіншіден, фабрика өнімін сыртқа өткізу барысындағы келеңсіздіктерді реттеу үшін 1926 жылы және 1928 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесіне ресми хаттар жолдады. Екі хаттағы негізгі мазмұн, фабрика өнімін сыртқа өткізу барысында (Англия, Германияға) делдалдық қызмет атқарушы Химфарм сауда мекемесімен, кейін орталық белгілеген салыққа байланысты қайшылық туған. Бірінші хатта, Химфарммен қатар Лондонмен байланыстырушы «Аркас» сауда мекемесімен Берлиндегі Сауда өкілеттігіне, өткізілген өнім пайдасының 1,5 пайызы қалатындығы әңгіме болады. Бес пайызы комиссияның сондай-ақ, жол шығыны т.б. есептей келгенде сауданың тиімсіз болып шығатынын айтқан. Бұл жайлар, әділетті түрде ескеріліп, делдалдар саны қысқартылды (ҚРОММ. 30«к»-қ., 1-т., 7-іс, 9 п). Есесіне енді, РКФСР үкіметі тарапынан салық белгіленген болатын. Сол салықтың мөлшерден тыс көтеріле түсуіне орай Н. Нұрмақов 1928 жылы 12 ақпандағы 2-ші хатын жолдап еді (ҚР ОМА. 30«к» - қ., 1-т., 27-іс, 57-п). Бұл өтінішке де РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі түсінікпен қарап, Қазақстан үкіметі қойған талаптардың барлығы ескерілгендігін БОАК жанындағы Қазақстан өкілеттігі хабарлаған.

Төңкеріске дейін Қазақстанның экономикасында елеулі роль атқарған өндіріс саласының бірі – тұз өндірісі. Қазақстанның солтүстігін, шығысын қамтамасыз етумен қатар Сібір аймағын түгел қамтыған Павлодар тұзды көлдері бар еді. Үкіметтің есебінде 1916 жылы 5.800.000 пұт тас тұзы және 7.000.000 пұт көл тұзы өндірілген екен. 1921-1922 жылдары бұл өндіріс мүлдем тоқтап, 1923 жылдан қайта жандана бастаған. 1925-1926 жылдарда 4.500.000 пұт тас тұзы және 5.000.000 пұт көл тұзын өндіруге қол жеткізді. Н. Нұрмақов республиканың өнеркәсіптік дамуында Павлодардағы 14 тұзды көлдің ірі қоры барын, Арал теңізінде және Қарабұғазда глауберлік тұздың болашағы барын, әрі өнеркәсіптік өнімдер қатарындағы тұздың республикаға түсіріп отырған пайдасын атап көрсетеді.

Қазақстан үшін әлі де өндіруге Електегі тас тұздары, Басқұншақ-Елті тобын құрайтын тұзды көлдердің болашағы зор екендігі де сол кездегі зерттеулердің нәтижесінде белгілі болды. Алайда, оларды өндіріске қосу үшін республикалық бюджеттің шамасы келмейтін еді. Тек орталық қажет деп тауып, қаржы бөлгенде ғана іске қосу мүмкін болатын. 1927-1928 жылдардың көрсеткішінде тұз өндірісінен түскен пайда 716 мың сом болса, 1928-1929 жылдары екі есеге өсіп, 1.458 мың сомды құраған. Өндіріс қатарына 1927-1929 жылдар аралығында айтарлықтай өсім беріп қосыла бастаған мына салаларды да атауға болады. Мәселен, ұн тартудан (диірмендерден) түскен табыс 1927-1928 жылдары 13.367 мың сом болса, 1928-1929 жылдары 21.609 мың сомға жеткен. Шарап, спирт зауыты, сыра зауыттарының да өндірген өнімдері 2.400 мың сомнан 1929 жылдың қорытындысында 3.696 мың сомға көтеріліп, 1 жылдың ішінде 45,8 пайызға өсім берді. Сондай-

ақ, май шайқау, цемент-кірпіш құю, полиграфия өндірістерінің де баяу болса да дамып келе жатқандығын деректерден байқауға болады (Скоропешкин, 1929: 21). Қорыта айтқанда 1924-1929 жылдар аралығында Қазақстандағы өнеркәсіп салалары негізінен қалпына келтіріп, кей салаларының дамытылғанын да көріп отырмыз. Ең бастысы бұл даму үкіметтің айрықша көңіл бөліп, ойластырылған, ұйымдастырылған саясатының нәтижесі болды деп айта аламыз.

Кеңес дәуірінің алғашқы 10 жылдығында сауда қатынасының дамуында жәрмеңкелердің ролі зор болды. Жаңа экономикалық саясаттың жүзеге асуы барысында кешегі ірі жәрмеңкелер қалпына келіп, үкімет тарапынан олардың қызметі де реттеліп, көп қолдау көрсетілген еді. Деректерге сүйенсек, қазан төңкерісіне дейін республика территориясында жалпы саны 120-150 жәрмеңкелер жұмыс істеген. Оның 70-ке таяуы үзбей жұмыс жасайтынын ескерсек, жалпы алғанда табысы жылына 150 млн сом айналымды құрайды екен (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 398-іс, 43 п). Жәрмеңкелерді губернияларға шаққанда басым көпшілігі Ақмола губерниясында 43, Семей губерниясында 35 және Қостанайда 26 жәрмеңке шоғырланған. Ең ірі жәрмеңкелерді атайтын болсақ, Ақмола губерниясында Петровский (айналымы 5.970.909 сом алтынмен) және Константиновский (айналымы 3.781.746 сом), Семей губерниясында – Қоянды (айналымы 1908 жылы – 3.713.000 сом), Ақтөбе губ., – Темір (айналымы 2.218.393 сом) және Ойыл (айналымы 6.000.000 сом) т.б. Азамат соғысы жылдарында әрі ауыр экономикалық дағдарыстар нәтижесінде жәрмеңкелердің қызметі мүлдем тоқтады. 1922 жылы үкімет жәрмеңкелердің жандануына қамқорлық жасап, оған сауда ұйымдарының қатысуын ынталандырып елді құлақтандырды. Мысалы, Ойыл жәрмеңкесі 1922 жылдың күзінде ашылып, сауда айналымы 166 мың сомды, ал Темірде 220 мың сом айналымды құрады. 1923 жылы ашылған Қоянды жәрмеңкесі де (айналымы 83 мың сом) біртіндеп өз қызметін бастап, аталған жәрмеңкелерге ел сеніммен қарай бастаған болатын. Н. Нұрмақов үкімет басшысы ретінде бұл жәрмеңкелердің қызметін одан ары жандандыра түсуіне, қалыптасқан күрделі мәселелерін шешуге ат салысты.

1925-ші жылдың жазында Қазақ үкіметі толығымен Қызылордаға көшкен еді. Осыған байланысты жаңа астананың тұрмыс тіршілігінде бейнеленетін жәрмеңкелердің қызметі қолға алына бастады. 1925 жылдың маусымында РКФСР Халкоматына Н. Нұрмақовтың атынан күзде өтетін Ойыл және Темір жәрмеңкелеріне жеңілдік беру жайлы хат жолданды (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 502-іс, 382-382-арт. п.п). Мұнда, 1924 жылдың көктемгі сауда айналымы Темірде 471,5 мың сом, Ойылда 531 мың сомға жетсе, 1925 жылдың көктемгі Темір жәрмеңкесінің сауда айналымы 1.112.210 сомның, Ойылда -735 мың сомның көлеміне жеткен. Мұның өзі Халық шаруашылығының біртіндеп қалпына келе бастауының шешуші көрсеткіштері ретінде бағалана отырып, негізінен айналымдағы тауарлар мазмұны былайша сипатталады: алдыңғы орында мал (мүйізді қара, жылқы, түйе, қой, ешкі); мал өнімдері (түйе, қой жүндері, ешкі түбіті, тері өнімдері, құйрық-жалдар т.б); шаруа өнімдері (ұн, бидай, сұлы, шөп, киіз, ет т.б); Еуропа тауарлары (манафактура заттары, тері бұйымдары, ыдыс аяқ, әсемдік заттар, металл т.б); темекі, шай, қант; азиялық тауарлар: (бұхара, парсы, хиуа маталары, кілемдері, кебулі жемістер, мақта, ат әбзелдері т.б). Ендеше, ауыл мен қаланы байланыстырудағы жәрмеңкелердің рөлін ескеріп, олардың еркін сауда жасауына мынадай жеңілдіктерді беруді ұсынады:

- 1 салық түрлерінен толық босату;
- 2 қыркүйек пен 15 қараша айларында темір жол арқылы тасылатын тауарларға төленетін жол ақыны 20 пайызға азайту;
- 3 жәрмеңкеге әкелінетін тауарларды сақтандыру тарифтерін жеңілдету;
- 4 тауарларды тасуға қысқа мерзімдік қарыз ақша бөлуге нұсқау беру сияқты т.б. бірқатар шараларды Қазақ Халком Кеңесі толық мақұлдағанын хабарлап, дереу Одақтық үкіметтің бекітуін өтінеді.

Көктемгі жәрмеңке науқаны тұсында бұл аталған жеңілдіктердің барлығы Орталықтың құзырлы ұйымдарының тарапынан мойындалып, сауда айналымы ынталандырудың қорытындысында күрт өскен болатын. Сондықтан жоғарыдағы талаптар РКФСР Халком Кеңесінің ешбір қарсылығын туғызған жоқ. Бұл жеңілдіктер сол кезде күш ала бастаған Қоянды жәрмеңкесіне де қолданылды. Іле-шала Н. Нұрмақов жергілікті қаржы туралы заңның 7 бабына сәйкес, жәрмеңкелерде мал-дәрігерлік көмек ұйымдастыруға арнайы салық белгілегенін хабарлады. Жәрмеңкеге әкелінген малдарды дұрыс күтіп, ауруға ұшыратпай дәрігерлік қызмет көрсету дегеніңіз мал басын сақтаудың ғана емес, оны тұтынушы адамдардың да денсаулығын сақтау деген сөз еді. Қысқасы, Н. Нұрмақов жәрмеңкелерді ұйымдастырып, өткізудегі қамқорлығын әрқашан да үзген емес. Оған дәлел төмендегі мұрағатық құжаттар: «Қармақшы. Атбасартүстіметалл. Дрейманға, Қарсақпай жәрмеңкесіне Жусалы мен Ұлытаудан тауар тасуға көмектесуден бас тартуыңыз жәрмеңке ісіне үлкен зиян келтіреді. Жәрмеңкелердің саяси маңызын ескере отырып, Қазақ сауда мекемесіне 2 мың пұтқа дейін тауар тасу үшін көлік бөлуіңіз қажет. Халком Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақов. Сауда комиссары А. Кенжин. 1927 жылдың 21 қыркүйегі. Қызылорда қаласы».

«Мәскеу. РКФСР ЭКОСО-ға. Қазақстанның өлкелік жәрмеңкелерінің жұмысына кедергі келтірмес үшін Қазөлкелік, одақтық, Қазсауда мекемелерінің тапсырыстық несиелерін қанағаттандырмасақ, жәрмеңкелер тауарсыз қалмақ. Мемлекеттік банк пен Сауда халкомы арасындағы түсініспеушілікті ЭКОСО шешуі қажет болатын. Дереву хабарлаңыздар. Халком төрағасы Н. Нұрмақов. Сауда комиссарының орынбасары А. Жармұхамедов. 1928 жылдың 26 мамыры. Қызылорда қаласы».

Сөз орайында, сауда жүйесіндегі жалпы ахуалды бейнелеген деректі келтіргеніміз жөн болар. Республика бойынша сауда мекемелерінің сандық көрсеткіштерін мына кестеден көреміз:

Кесте 1 – Қазақ АКСР-індегі сауда мекемелерінің саны

Мемле-кеттік	Мемле-кеттік	Коопера-тивтік	Коопера-тивтік	Жеке меншік	Жеке меншік
1928ж	1929ж	1928ж	1929ж	1928ж	1929ж
330	320	2.528	2.776	15.300	8.396

Сандардың дәлелдеп отырғаны, кооперативтік сауда мекемелерінің саны күрт өсіп, есесіне сауда айналымы да 205.905 мың сомнан 361.153 мың сомға дейін жеткен. Ал жеке меншік сауда мекемелерінің саны жартылай қысқарып, сауда айналымының көрсеткіші төмен түсті. Әйтсе де, жалпы сауда айналымы 1927-1928 жылдары 376.192 мың сомды құраса, 1928-1929 жылдары 501.539 мың сомға көтеріліп, өсу қарқынын сақтап қалды. Байқап отырсыз, Кеңестік экономика жағдайында жәрмеңкелер төңкеріске дейінгі табыстарына жете алған жоқ. Мұның басты себебі біріншіден, аталған жылдарда халық шаруашылығы қалпына келу процесін басынан кешіруде болғандықтан, жәрмеңкелердің де дамуы баяу жүрді. Екіншіден, жаңа экономикалық саясат тұсында жәрмеңкелердің жандануына оңтайлы жағдайлар туған болса, кейінгі жоспарлы экономиканың енгізілуі жәрмеңке ісіне салқынын тигізді. Ендеше ашық бәсеке жоқ жерде еркін жәрмеңкенің өмір сүруі де мүмкін емес-ті.

Деректерден белгілі болғандай, 1925 жылдың күзіне дейін Н. Нұрмақов орталықтың алдына мәселе ретінде қоя отырып, Ташкент, Сібір, Мәскеуге қарап келген тігін өнімдерін өткізуші Бүкілодақтық Тігін Синдикатының Қазақстандағы Филиалдарын Қызылордада ашылған бас филиалға бағындырды. Бұл шараның тігін тауарларына деген сұранысты қанағаттандырудағы берекесіздікті жоюдағы маңызы зор болды. Өйткені, халықтың тұрмысының, сатып алу

қабілетінің төмен болуы, төлем бірлігінің тұрақты болмауына орай тігін тауарлары сонау Қытайға дейін өтіп кетіп отырған. Мұндай тігін өнімдерінің басым көпшілігі батыстан келетін. Ендеше, бұл 1923-1924 жылдары экспорттық-импорттық сауда қатынасының да өрістей түскенінің мысалы. Қазақстан тауарларын шетелге өткізіп, қажетті шетелдік тауарларға сұраныс орындайтын Мемлекеттік сауда мекемесі, «Аркос» акционерлік қоғамы, «Тері шикізат» акционерлік қоғамы, «Майэкспорт», аралас қоғамдар «Дава-Бритополь», «Аламерика», «Руссот» дегендер бар еді. Қазақстандағы тауарлардың экспорт-импортын реттеп отыратын орталық мекеме «Қазмемсауда» КСРО сыртқы істер сауда комиссариатының Орталық Экспорт-Импорт Конторасының филиалы саналатын.

Сыртқы сауда байланысы екі бағытта дамыды. 1924 жылы Қазақстан территориясынан тысқары 2.475.485 сом шикізат түріндегі тауарлардың көпшілігі Лондон мен Қытайға жөнелтілген.

1923-1924 жылдары Қазақстан Республикасы алғаш рет Карск экспедициясына қатысты. Солтүстік Мұзды мұхит арқылы Лондонды және Об өзенінің арналарымен Омбыға дейін аралықты байланыстыратын сауда кемелері Қазақстанның шикізатын шетелге өткізіп, Лондоннан былғары бояуы, химия-фармацевтикалық тауарлар, газет қағазы, шай т.б. тауарларды жеткізген.

1924 жылдың 1 желтоқсанында үкімет төрағасы Н. Нұрмақов пен республикадағы РКФСР сыртқы Сауда комиссариатының өкілі Кочетованың қолдары қойылған құжат, саудаға қатысы бар деген мекемелердің барлығына жолданды. Құжатта Карск экспедициясына белсенді түрде қатысу сұралып, өткен кемшіліктерді қайталамас үшін Қазақ сауда мекемесіне көпке созбай, экспорт-импорт тауарларға сұраныс беру өтінілген. Карск экспедициясына губерниялық әрі республикалық сауда мекемелерінің асқан жауапкершілікпен дайындалуын өтініп, Н. Нұрмақов нұсқау хаттар жолдады. Халком кеңесінде оған жауапты сауда мекемелерінің есебі тыңдалды. 1925 жылы 8 тамызда қазақ мемлекеттік сауда мекемесіне мәселеге айрықша көңіл бөліп, жұмысты ұйымдастырып, атқаруға барынша күш-жігерін жұмсауды өтінген келесі хат жолданды. Бұл сауда байланысы Қазақстанның экономикалық дамуына әсер етумен қатар, елдің зәруі – ауылшаруашылық және өнеркәсіп құралдары, дәрі-дәрмек, бояулар, химиялық заттармен қамтамасыз етеді. Сондықтан, Қазақстан бұл мүмкіндіктен айрылып қалмауын тағы да ескертеді. Және де келесі Халком Кеңесінде сауда халкоматының бұл мәселе бойынша есебі тыңдалатындығын хабарлады (ҚР ОМА. 1541-қ., 1-т., 492-іс, 33 п).

Үкімет тарапынан үндеу тастап, сауданың республикаға қатысты мән-маңызының аталып отыруы, саудаға ынталандырудың жан-жақты жағдайларының ескерілуі 1925-1928 жылдар аралығындағы Карск экспедициясының сыртқы саудада үлес салмағының өсуіне әкелді. Мысалы: 1926 жылы 16 ақпанда өткен Халком Кеңесінде Н. Нұрмақов Карск экспедициясы туралы баяндама жасай келіп, сауда жасауға мүдделі тұлғалар үшін Қазақ сауда мекемесі арқылы 9-12 ай мерзімге 1 млн. сомға дейін қарыз берілетіндігін хабарлаған. Сол жылы ол «Аркос», «Химфарм» мекемелерінің делдалдық қызмет атқарғаны үшін алынатын комиссияның, салық түрлерінің пайызын төмендетуге қол жеткізді.

1926 жылы 25 қазанда «Советская степь» газеті Карск Экспедициясының Омбыға келгендігін қуанышпен хабарлады. Жалпы сауда айналымы 800 мың сомды құрап, пайыз есебімен мынадай тауарлар әкелінген: қосымша материалдар (бояулар, кептіргіштер (дубители), чарпиус) – 30,9 пайыз, электроматериалдар – 5 пайыз, ауылшаруашылық мүліктері (машинаның тетіктері, ауыл-шаруашылығы өнімдерін өңдейтін жабдықтар) – 23,4 пайыз, дәрі-дәрмек тауарлары – 26,9 пайыз, кең тұтынатын заттар (бұрыш, тағамға хош иіс беретін қосымшалар, кеңсе тауарлары, орыс шрифтілі машинкалар т.б.) – 13,8 пайыз (Советская степь 1926: 4). Бұл көрсеткіштер жылдан-жылға ұлғайып, 1927 жылғы сыртқы саудада Карск экспедициясының тауарлары Қазақстанның жалпы импортының 50 пайызын құрады [192]. Ал, индустрияландыруға бет бұрған шақта, бұл бағыттағы сұраныстың күшейе түскенін көреміз.

Қытай бағытындағы сыртқы сауда Іле округінің Хоргос және Тарбағатай округінің (1928 жылғы әкімшілік бөлінісі бойынша) Бахты кедендері арқылы өтетін. Екеуін қоса есептегендегі сауда айналымының қорытындысын мына кесте бейнелейді (мың сом есебімен):

Кесте 2 – Қытаймен Қазақ АКСР-і арасындағы сыртқы сауда көрсеткіші

Жылдар	24/25	25/26	26/27
Экспорт	1978	3690	7006
Импорт	2188	5204	9655

Сол жылдардың деректерінен белгілі болғаны, Қазақстан үкіметі Қытай мемлекетін әрқашан өзінің сауда қатынасындағы болашағы зор ел деп санады. 1926-1927 жылдары Қытайдың тауарға деген сұранысына Сауда Халық комиссариаты тарпынан арнайы зерттеулер жүргізілген болатын. Сауда Халкомы А. Кенжиннің үкімет басшысына берген ақпарларында Қытайдың сұранысын қамтамасыз етуде отаршыл шетелдік фирмалардың, әсіресе ағылшындардың қызметі белсенді, сондықтан сұранысқа деген ахуалды үзбей жіті бақылап отыру қажеттігі айтылады (Кенжин, 1928: 60-61).

Нығмет Нұрмақұлы өз тарапынан Бахты, Харгос, Сергиопольдегі құрылған Қазмемсауда филиалдарының қызметіне еркіндік бергендігін, олардың жұмысына губерниялар (Жетісу және Семей) басшылығының ешбір кедергі жасамауына нұсқау берді (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 490-іс, 106-п). Бір сөзбен айтқанда, сауданың кең дамуына жол ашатын жағдайлардың бәрін жасап бақты. Н. Нұрмақовтың былайша саудаға мән беріп, көңіл бөлудің басты себептері мынада деп ойлаймыз: біріншіден, сауда экономиканың жедел, шапшаң дамуының көзін ашатын мүмкіндік деп түсінгендігінен; екіншіден, республикалық бюджетті толықтырудағы қомақты үлесі бар жолдардың бірі осы сауда болатын. Сондықтан ішкі-сыртқы сауданы дамыту Н. Нұрмақов басқарған үкіметтің аса жауапкершілікпен атқарған шаруаларының бірі болғанын көреміз.

Н.Н. Нұрмақовтың Халком Кеңесінің төрағасы болған жылдарда үнемі наразылықпен Орталыққа Қазақстанның қаржыға деген сұраныс қажеттігін дәлелдеп, үздіксіз күрес жүргізуіне де тура келді. Үкімет басшысы болысымен ол республикамыздың кірісі мен шығысын аса ыждаһаттылықпен зерттеді десек артық айтпағанымыз болар. 1924 жылдың 3 желтоқсанында қол қойып Мәскеуге жөнелткен қос хатында, Одақ құрамына енген субъектілер арасында Қазақстанға ең төменгі көрсеткіштер негізінде бюджеттің бөлінетіндігін әділетсіздік ретінде бағалады (ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 490-іс, 224-227 п.п). Қазақстан өзінің мемлекеттік табысының 60 пайызын одақтық қорға сала отырып, ішкі саясатта қордаланған көптеген мәселелерін шеше алмайтын күй кешуде. Республика үшін маңызы бар қажетті кадрларды даярлау, мәдени бағыттағы шаруаларды қаржыландыруда қалтасы тесік жергілікті губерниялардың қаржысына байлап қойғандығы ешбір ақылға сыймайтын шешім деп тұжырымдайды. Н. Нұрмақов бюджет мәселесін шешудің мынадай жобасын ұсынды, яғни құжатта республикадағы қаржы сұранысын қанағаттандыратын өлкелік бюджеттің басты кіріс көздері былайша белгіленген:

1 Өлкелік маңызы бар кәсіпорындар, мүліктер мен капиталдардан келетін кіріс.

2 Жергілікті (губерниялардан деп түсіну керек – Б.Қ.) бюджеттен бөлінетін қаржы.

3 Федеративтік немесе одақтық басқармаларға қарайтын Қазақстан жеріндегі ұйымдар, кәсіпорындар, сауда мекемелері және т.б бөлінетін қаржы. Н. Нұрмақов мәлімдеуінше, бастапқы қаржы көзінің екі түрін жүзеге асыру қиындық тудырмайды ал, үшіншісін шешуге РКФСР Халком Кеңесі енжарлық танытып отырғандығы айтылды. Н. Нұрмақов одаққа қарайтын

Қазақстан территориясындағы кәсіпорындарын басшыларымен кездесуі нәтижесінде олар да бұл бағытты толық қуаттағанын, РСФСР сыртқы Сауда комиссары Красиннің өзі де республика көлемінде жүргізілген одақтық сауда айналымының 10 пайызын өлкелік қаржы қорына аударуға келісім бергенін тілге тиек етеді. Ендеше, «Қазақстан жерінде еңбек етуші кәсіпорындар мен түрлі ұйымдар өлкелік бюджетке өз үлесін қосу арқылы халықтың әл-ауқатын, мәдени деңгейін көтеруге ат салысады. Нәтижесінде, өзінің қызметінің өркендеуіне де жағдай тудырады» – деп, жазды Н. Нұрмақов (ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 490-іс, 225-226 п.).

1924 жылдың 31 желтоқсанында Қазатком төралқасының мәжілісінде жоғарыдағы талаптар негізінде жасалған өлкелік бюджеттің жаңа ережесі туралы Н.Нұрмақовтың баяндамасы тыңдалды. Талқылаудан соң мәжіліс бірауыздан бекітілсін деген қаулы қабылдады. 1925 жылдың қаңтар айының аяғында Мәскеуге барған іссапарында Н. Нұрмақов үкімет алдында тұрған көкейтесті мәселенің бірі – өлкелік бюджеттің құқын кеңейтуді мәселе ретінде қою керек еді. Өкінішке орай, Қазақстан ұсынған өлкелік бюджеттің жаңа ережесі жайлы жобаны РКФСР Халком Кеңесі қабылдамай тастады да, РКФСР Қаржы Халкоматына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тапсырылған болатын.

Қорытынды

Қазақстандағы қаржы тапшылығы үнемі Орталыққа ауыз ашып, әрбір саланы дамытуға қаржы сұрайтын халге жеткізді. Бұл бағыттағы қайшылықтың сақталғандығын, жыл сайын Қазақстан ұсынған мемлекеттік бюджет сметасының жобасымен орталықтың бекіткен нақты бюджетінен байқалып отырады. Мұны жыл сайынғы бюджетті бекіту нәтижесіндегі қарсылығын баяндаған хаттардан көруге болады. Мысалы, Н. Нұрмақов 1928 жылдың 28 ақпанында РКФСР Халком Кеңесіне жазған өтініш хатында 1927-1928 жылдарға арналып бекітілген бюджет жоспарына ашық наразылығын білдіреді. Мұнда Қазақстан ұсынған сметадағы қаржы көлемі аяусыз қысқартылып, көптеген мәдени-әлеуметтік, шаруашылық қажеттіліктер ескерусіз қалғандығы айтылған. Әсіресе аса қынжылтатыны, РКФСР кіші Халком Кеңесі мемлекеттік бюджет құқы бойынша Қазақстанға тиесілі резервтік қорын бекітпей қоюы үкіметтің еркін шаруашылық саясат жүргізуіне қолбайлау болып отыр деп, мәлімдейді. Осы жәйттерді егжей-тегжейлі баяндай отырып, Н. Нұрмақов былтыр халық шаруашылығындағы кездейсоқ апаттарға және т.б. мәселелерге жұмсалатын қаржы – 500 мың сом болса, биыл оның көлемі 1 млн. сомға есептеліп, аталған қаржыны Қазақстан Халком Кеңесінің резервтік қоры ретінде бөлуді талап еткен (ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 728-іс, 77-78 п.п). Жалпы бюджет саласындағы осындай сипаттың Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін сақталып келгендігі белгілі. 1988 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қуатты Республика, қуатты Орталық» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында бюджет мәселесіндегі ұзақ жылдар орын алған әділетсіздікті қалың бұқараға алғаш жария еткені бәрімізге белгілі. Ол: «Қазақстанда шығарылатын өндірістік өнімнің 7 пайызы ғана республикаға тән, 93 пайызы Одақтық-республикалық қорға түседі. Мұны бізге ондаған жылдар бойы «мемлекеттік қажеттілік», «қорғаныс қажеттілігі», «елдің қамы» деп сендіріп келді. Бір ғана мысал: Қазақстан жыл сайын шет елдерге 800 млн доллардың өнімі жөнелтіледі. Оның ішінде мұнай, көмір, түсті металл, т.б. бар. Соншама доллардан бізге көк тиын да тимейді. Неге? Мұның аты-қиянат» – дейді (Назарбаев, 1989: 2-3). Шындығында, бұл Елбасының жай ғана наразылығы емес, Қазақ елін тәуелсіз етсем, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз армандаған еркіндігіне қолын жеткізсем, босағасын көгертсем деген биік мұраттардың заңды жалғасы еді.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Кенжин Д. Основные черты внешней торговли Казахстана. Народное хозяйство Казахстана. Январь, 1928. – С.63.
- Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – 272 б.
- Қойгелдиев М. Ұлтшылдықпен күрес науқаны. // Социалистік Қазақстан. 5-9 мамыр, 1992. – 3-4 бб.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 310-іс, 185-187-п.п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 310-іс, 470-іс, 43-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 608-іс, 72-п.
- ҚР ОМА. 30 «қ»-қ., 7-т., 10-іс, 43-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 7-т., 10-іс, 117-п.
- ҚР ОМА 30 «қ» - қ., 7-т., 10-іс, 111-123 п.п.
- ҚР ОМА. 5-қ., 7-т., 165 а-іс, 1-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 435-іс, 83 п.
- ҚР ОМА. 30 «қ» - қ., 1-т., 7-іс, 9 п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 441-іс, 142-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 441-іс, 143-п.
- ҚР ОМА. 30 «қ» - қ., 1-т., 7-іс, 9-п., 34-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 750-іс, 270-п.
- ҚР ОМА. 30 «қ» - қ., 1-т., 7-іс, 9-п.
- ҚР ОМА. 30 «қ» - қ., 1-т., 27-іс, 57-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 398-іс, 43-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 502-іс, 382-382-арт. п.п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 492-іс, 33-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 490-іс, 106-п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т 343-іс, 224-227 п.п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 490-іс, 225-226 п.
- ҚР ОМА. 30-қ., 1-т 728-іс, 77-78 п.
- ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 1129-іс, 105-п.
- ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 1129-іс, 99-п.
- Қуандықов Е. Сүрең салған сұрқия саясат. – Алматы: Санат, 1999. – 104 б.
- Материалы совещания по развитию производительных сил Казахстане. Кзыл-Орда. 1926. – С.98.
- Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы, 2001. – 304 б.
- Назарбаев Н. Қуатты Орталық, қуатты Республика. // Қазақ әдебиеті. 11 наурыз, 1989. – 2-3 бб.
- Нурмаков Н. Что дала Октябрь Казахстану? // Советская степь. 7 ноября; 1926. – С.2.
- Нурмаков Н. Шесть лет строительства Казахстане. // Советская степь. – 1926. 4 октября. С.2.
- Омарбеков Т. Голощекиннің төңірегі, ол туралы не білеміз? // Ақиқат, 1995. – № 9. – 27 б.
- Отчет правительства Киргизской АССР V-му Всекиргизскому Съезду Советов. – Ак-Мечет – Оренбург, 1925. – С.19-20.
- Скоропешкин В.Н. Хозяйственные итоги 1928/29 гг. // Народное хозяйство Казахстана, 1929. – № 10-12. – С.23.

References

- Kenjin D. Osnovnie çertı vneşney torgovli Kazaxstana. Narodnoe xozyaystvo Kazaxstana. Yanvar, 1928. – S.63. [in Russian].
- Qozıbaev M.Q. Aqtañdaqtar aqıqatı. – Almatı, 1992. – 272 b. [in Kazakh].
- Qoygeldiev M. Ultşıldıqpen küres nawqanı. // Socialistik Qazaqstan. 1992. 5-9 mamır. B.3-4. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 310-is, 185-187 p.p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 310-is, 470 -is, 43 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 608 -is, 72 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 «q»-q., 7-t., 10- is, 43 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 7-t., 10-is, 117 p. [in Kazakh].
- QR OMA 30 «q» – q., 7-t., 10-is, 111-123 p.p. [in Kazakh].
- QR OMA. 5-q., 7-t., 165 a-is, 1 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 435-is, 83 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 «q» -q., 1-t., 7-is, 9 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 -q., 1-t., 441-is, 142 p.p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 441-is, 143 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 «q»-q., 1-t., 7-is, 9-p., 34 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 -q., 1-t., 750- is, 270 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 «q» -q., 1-t., 7-is, 9 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 «q» -q., 1-t., 27-is, 57 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 398-is, 43 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 502-is, 382-382-art. p.p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 492-is, 33 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30-q., 1-t., 490-is, 106 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 -q., 1-t., 343-is, 224-227 p.p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 -q., 1-t., 490-is, 225-226 p. [in Kazakh].
- QR OMA. 30 -q., 1-t., 728 – is, 77-78 p. [in Kazakh].
- QR PA. 141-q., 1- t., 1129 -is, 105 p. [in Kazakh].
- QR PA. 141-q., 1-t., 1129-is, 99 p. [in Kazakh].
- Qwandıqov E. Süreñ salğan surqıya sayasat. – Almatı: Sanat, 1999. –104 b. [in Kazakh].
- Materiäli soveşçanıya po razvitiyu proizvoditelnix sil Kazaxstane. Kzıl-Orda. 1926. –S.98. [in Russian].
- Maxat D. Qazaq ziyalılarınıñ qasireti. – Almatı, 2001. – 304 b. [in Kazakh].
- Nazarbaev N. Qwattı Ortalıq, qwattı Respwblika.// Qazaq ädebieti. 11 nawrız,1989. – 2-3 bb. [in Kazakh].
- Nwrmakov N. Çto dala Oktyabr Kazahstanu? // Sovetskaya step. 7 noyabrya,1926. –S.2. [in Russian].
- Nwrmakov N. Şest let stroitelstva Kazaxstane. // Sovetskaya step. – 4 oktyabrya;1926. –S.2. [in Russian].
- Omarbekov T. Goloşçekinniñ töñiregi, ol twralı ne bilemiz? // Aqıqat, 1995. – № 9. – 27 b. [in Kazakh].
- Otçet pravitelstva Kirgizskoy ASSR V-mw Vsekirgizskomw Sezdw Sovetov. – Ak-Meçet – Orenbwrq, 1925. – S.19-20. [in Russian].
- Skoropeşkin V.N. Xozyaystvennie itogı 1928/29 gg. // Narodnoe xozyaystvo Kazaxstana, 1929. №10-12. – S.23.

МАЗМҰНЫ

Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т., Кабдолдина К.К. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ АЯСЫНДАҒЫ МЕТРОПОЛИЯ МЕН КОЛОНИЯНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ	5
Абылхожин Ж.Б. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖҰМЫС КҮШІ.....	18
Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В. ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖАДТЫҢ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	31
Айтқазина М.М., Шамшиева Г.С. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ МҰРАСЫ	40
Алғожаева Н.С., Шашаев Ә.А., Зикирбаева В.С. МҰРАЖАЙ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ ФОТОМАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ.....	51
Арпова А.Д. МАРАТ МҰҚАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТА ЖҮЗ РУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУ АЙМАҚТАРЫ.....	62
Ахметжанова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХЫНАН.....	71
Әлімбаев Қ.С. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЭЛИТА МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ДІНИ ҰСТАНЫМДАРЫ (Ибн Рузбихан және Мұхаммед Әуез еңбектері бойынша).....	81
Әминов Т.М. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАТ МАГИСТРАЛЬДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ (ТАРИХИ КӨЗҚАРАС).....	91
Әміржанова Н.С. ЛАТЫН ӘЛПБИЛІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМЫ: ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ (1929-40 жж.).....	112
Әшім Б.Ә. ДОҒЫЗТАУДАҒЫ БЕСБАЙ ЖӘНЕ ИЗЕНАҒАШ ДІНИ-ТҮРҒЫН КЕШЕНДЕРІНІҢ МЕШІТТЕРІ.....	126
Джолдыбаева У.М., Қозыбақова Ф.А. ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ.....	134
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Кулмесканова С.С. ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ.....	146
Жұматов Д.С. ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КӨШІРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЗАРДАПТАРЫ.....	161
Закарья Р. 1920-1930 ЖЖ. ШЕТЕЛДІК САЯСИ ЖӘНЕ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ САЯСАТЫ	169
Ибраева А.Ф., Темірханова Ә.С. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙ ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАДАМДАРЫ	177
Ибраева А.Ф., Темірханова Ә.С. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	191
Ибраева А.Ф., Темірханова Ә.С. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН	202
Ибраева А.Ф., Темірханова Ә.С. КЕҢЕСТІК БІЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. бас. Солт. Қазақстан өңірі мысалында).....	216
Ибраева А.Ф., Темирханова А.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨңІРІН ЗЕТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	233
Иембекова М.О., Божева Б.З. ҚАЗАҚСТАН-ӘЗЕРБАЙЖАН: ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	244
Кабдушев Б.Ж., Құдайбергенұлы Б. ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖЫЛДАРЫНДА ЖӘНЕ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ (1924-29 жж.).....	258

Кәрібаев Б.Б., Нұрғазина Н.Д. ӨЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде).....	274
Қалыбекова М.Ч. ЖАЗАЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР: ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ХАЛЫҚТАРДЫ ДЕПОРТАЦИЯЛАУ ТАРИХЫНАН.....	295
Қанағатова Н. ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ НҮСҚАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КОНТЕКСТІ.....	312
Қасенова А.Д., Құрманқұлов Ж., Сүйіндікова М.Қ., Утубаев Ж.Р. ҮНІРЕК ҒИБАДАТХАНАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ.....	327
Құдайбергелұлы Б., Кабдушев Б.Ж., Қозыбаева М.М. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ.....	337
Құрманалиева А.Д., Хумархан Ж. ӘЛЕУМЕТТІК ТОП ҰҒЫМЫ АЯСЫНДА ДІНИ ЖАМАҒАТТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МӘСЕЛЕСІ.....	352
Мұқаметханұлы Н., Бейсенбаев О. COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» ИНИЦИАТИВАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ СЫН-ҚАТЕРІ	368
Мұхатова О. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (1992-2019 жж.).....	378
Өмірбекова Ж. ЕУРАЗИЯ КӨШПЕЛДІЛЕРІНІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ	390
Садвокасова З.Т., Мухатова О.Х. XIX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ (ресейлік мерзімді баспасөз материалдары бойынша).....	402
Сарыбаев М., Диканбаева А. ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫ.....	411
Сұлтангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ: ҚАҒАРМАНДАР МЕН ІШКІ МӘНДЕРДІ ІЗДЕУ	420
Толамисов А.Ғ., Айдынбекұлы А. ПАТРИОТИЗМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	429
Тоқтабай А.У. ҒҰНДАРДЫҢ АТТЫ ӨСКЕРЛЕРІ.....	439
Тоқтабай А.У. ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ КӘСІПҚОЙ ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ БІРІ ҚҰСАЙЫН ТӘКЕЖАНҰЛЫ.....	452
Тоқтабай А.У., Карамендина М.Ө. ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МАЛ ПІРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒҰРЫПТЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР (ЗЕҢГІ БАБА, ШОПАН АТА МАЗАРЛАРЫ).....	460
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А. ҚАЗАҚ ДВОРЯНДЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ.....	472
Уалтаева А.С., Бидахметова Ш.Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭТНОСАРАЛЫҚ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ МЕХАНИЗМДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	483
Уалтаева А.С., Пернекулова М. ЭТНОСАРАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІКТІ НЫҒАЙТУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ.....	492
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ӨТКЕН ҒАЛАМДЫҚ ПАНДЕМИЯҒА ШОЛУ: ИНФЕКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ҮДЕРІСТІҢ ЖАЛПЫ БАРЫСЫ	502
Уралбаева Ж. Г.А. КУШАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ (Г.А. Кушаевтың 95 жылдығына арналған).....	515

Шалғынбай Ж. КЕҢЕС ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСЫЛЫМДАРЫ.....	523
Шалекенов М.У. ОРТАҒАСЫРДАҒЫ БАЛАСАҒҰН ЭТИМОЛОГИЯСЫ.....	536
Шапиева Г. ҚЫТАЙДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XX ғ. аяғы – XXI ғ. басы).....	548
Шаяхметов Н.У., Байшов Б.Б., Четин Нур КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ.....	560
Шілдебай С.Қ. ҚАЗАҚ АКСР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН.....	583

СОДЕРЖАНИЕ

Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т., Кабдолдина К.К. ВЗАИМООТНОШЕНИЯ МЕТРОПОЛИИ И КОЛОНИИ В КОНТЕКСТЕ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	5
Абылхожин Ж.Б. РАБОЧАЯ СИЛА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ.....	18
Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В. ДИАЛЕКТИКА ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В ЭПОХУ АРХЕОМОДЕРНА.....	31
Айтказина М.М., Шамшиева Г.С. ВОЕННОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕТЕРАНОВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ	40
Алгожаева Н.С., Шашаев А.К., Зикирбаева В.С. ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКАЯ ЗНАЧЕНИЕ ФОТОМАТЕРИАЛОВ В КОЛЛЕКЦИЯХ МУЗЕЕВ.....	51
Арпова А.Д. ТЕРРИТОРИЯ РАССЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕН И РОДОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА В ТРУДАХ М.МУКАНОВА	62
Ахметжанова А.Т. ИЗ ИСТОРИИ ЖЕНСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	71
Алимбаев К.С. РЕЛИГИОЗНЫЕ ВОЗЗРЕНИЯ ЭЛИТЫ И МАССЫ КОЧЕВНИКОВ К ЭПОХУ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (по трудам Ибн Рузбихана и Мухаммада Аваза).....	81
Аминов Т.М. ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СТАЛЬНЫХ МАГИСТРАЛЕЙ КАЗАХСТАНА (ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ).....	91
Амиржанова Н.С. ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ: НАПИСАНИЕ ИНОЯЗЫЧНЫХ СЛОВ (1929-1940 гг.).....	112
Ашим Б.А. МЕЧЕТИ КУЛЬТОВО-ЖИЛИЩНЫХ КОМПЛЕКСОВ БЕСБАЙ И ИЗЕНАГАШ В ДОНЫЗТАУ	126
Джолдыбаева У.М., Козыбакова Ф.А. ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	134
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Кулмесканова С.С. КАЗАХСКО-РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ВО ВРЕМЕНА ПРАВЛЕНИЯ ТАУЕКЕЛ ХАНА.....	146
Жуматов Д.С. ВВЕДЕНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО: ПРОБЛЕМЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ.....	161
Закарья Р. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА ПО ОТНОШЕНИЮ К ИНОСТРАННЫМ ПОЛИТИЧЕСКИМ И ТРУДОВЫМ МИГРАНТАМ В ПЕРИОД 1920–1930 гг.....	169
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. ПОЛИТИКО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ШАГИ РОССИЙСКОЙ ВЛАСТИ В СЕВЕРНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В XVIII ВЕКЕ (на основе материалов по истории г. Петропавловска).....	177
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СОЦИАЛЬНО-ЭТНИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ГОРОДА ПЕТРОПАВЛОВСКА В XIX ВЕКЕ.....	191
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	202
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ КАЗАХСТАНА В СИСТЕМЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (на примере Северного региона Казахстана в начале XX века).....	216
Ибраева Г., Темирханова А.С. ВОПРОСЫ ИСТОРИОГРАФИИ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА.....	233
Иембекова М.О., Бюжеева Б.З. КАЗАХСТАН-АЗЕРБАЙДЖАН: ПОТЕНЦИАЛ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ВЗАИМНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА	244
Кабдушев Б.Ж., Құдайбергелулы Б. Н. НУРМАКОВ И ВОССТАНОВЛЕНИЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА В 1924-1929 гг.....	258

Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА (на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	274
Калыбекова М.Ч. НАКАЗАННЫЕ НАРОДЫ: ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН.....	295
Канагатова Н. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ ТЕКСТОВ НАРОДНЫХ И СОВРЕМЕННЫХ БЫТОВЫХ-ОБРЯДОВЫХ ПЕСЕН	312
Касенова А.Д., Курманкулов Ж., Суяндикова М.К., Угубаев Ж.Р. ПЕРВОНАЧАЛЬНЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ РАБОТ НА СВЯТИЛИЩЕ УНИРЕК	327
Кудайбергелды Б., Кابدусев Б. Ж., Козыбаева М.М. ГОРОД ПАВЛОДАР В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.....	337
Курманалиева А.Д., Хумархан Ж. ПРОБЛЕМА ВОЗНИКНОВЕНИЯ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЩИН В КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНЫХ ГРУПП.....	352
Мукаметханулы Н., Бейсенбаев О. ВЫЗОВЫ В РЕАЛИЗАЦИИ ИНИЦИАТИВЫ «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ COVID-19.....	368
Мухатова О. ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1992-2019 гг.).....	378
Омирбекова Ж. ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНОЭКОЛОГИЧЕСКИХ ТРАДИЦИЙ КОЧЕВНИКОВ ЕВРАЗИИ (по материалам российских исследователей XVIII в.).....	390
Садвокасова З.Т., Мухатова О.Х. ПРЕДВОДИТЕЛИ НАРОДНЫХ ВОССТАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ XIX ВЕКА.....	402
Сарыбаев М., Диканбаева А. КАЗАХСТАНСКО-ФРАНЦУЗСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ	411
Султангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА: ПОИСКИ ГЕРОЕВ И СМЫСЛОВ	420
Толамисов А. Г., Айдынбекулы А. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ПАТРИОТИЗМА	429
Токтабай А.У. КОННИЦА ГУННОВ.....	439
Токтабай А.У. ОДИН ИЗ ПЕРВЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЗАХСКИХ ЭТНОГРАФОВ К. ТАКЕЖАНУЛЫ.....	452
Токтабай А.У., Карамендина М.О. КУЛЬТОВЫЕ ПАМЯТНИКИ ТАШКЕНТА, СВЯЗАННЫЕ С ПОКРОВИТЕЛЯМИ ЖИВОТНЫХ.....	460
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А. ИССЛЕДОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ДВОРЯНСТВА: О СОЦИАЛЬНОМ ПРЕОБРАЗОВАНИИ СТЕПИ В 19 ВЕКЕ	472
Уатаева А.С., Бидахметова Ш.Б. ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ МЕХАНИЗМОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	483
Уалтаева А.С., Пернекулова М. РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В УКРЕПЛЕНИИ МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ.....	492
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ОБЗОР ПРОШЛЫХ МИРОВЫХ ПАНДЕМИЙ: ИНФЕКЦИИ И ОБЩИЙ ХОД ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА.....	502
Уралбаева Ж. Г.А. КУШАЕВ В АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА (к 95-летию Г. А. Кушаева).....	515
Шалгынбай Ж. КАЗАХСКАЯ ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЛИТЕРАТУРА В ИЗДАНИЯХ ДОСОВЕТСКОГО ПЕРИОДА.....	523

Шалекенов М.У. ЭТИМОЛОГИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО БАЛАСАГУНА.....	536
Шапиева Г. ОСОБЕННОСТИ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В КИТАЕ (конец XX – начало XXI вв.).....	548
Шаяхметов Н.У., Байшов Б.Б., Четин Нур ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ	560
Шилдебай С.К. ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В КАЗАХСКОЙ АССР	583

CONTENTS

Abdildabekova A.M., Teleuova E.T., Kabdoldina K.K. RELATIONS BETWEEN THE MOTHER COUNTRY AND THE COLONY IN THE CONTEXT OF THE POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE	5
Abylkhozhin Zh.B. LABOR FORCE OF THE INDUSTRIALIZATION.....	18
Abylkhozhin Zh.B., Krupko I.V. DIALECTICS OF HISTORICAL MEMORY IN THE AGE OF ARCHAEOLOGICAL.....	31
Aytkazina M.M., Shamshieva G.S. MILITARY HERITAGE OF THE GREAT PATRIOTIC WAR VETERANS.....	40
Algojaeva N.S., Shashaev A.K., Zikirbaeva V.S. SOURCE OF PHOTOGRAPHY IN MUSEUM COLLECTIONS	51
Arepova A.D. TERRITORY OF DISTRIBUTION OF MIDDLE ZHUZ'S NOMADIC TRIBES IN THE WORKS OF M. MUKANOV.....	62
Ahmetzhanova A.T. FROM THE HISTORY OF THE WOMEN'S MOVEMENT IN KAZAKHSTAN.....	71
Alimbayev K.C. RELIGIOUS VIEWS OF THE ELITE AND THE MASS OF NOMADS IN THE ERA OF THE KAZAKH KHANATE (based on the works of Ibn Ruzbihan and Muhammad Avaz).....	81
Aminov T.M. MAIN STAGES OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN'S RAILWAY MAIN LINES (HISTORICAL ASPECT).....	91
Amirzhanova N.S. HISTORY OF KAZAKH WRITING BASED ON THE LATIN ALPHABET: THE WRITING OF FOREIGN WORDS (1929-1940s).....	112
Ashim B.A. MOSQUES OF BESBAY AND IZENAGASH RELIGIOUS-RESIDENTIAL COMPLEXES IN DONYZTAU.....	126
Dzholdybaeva U.M., Kozybakova F.A. ENVIRONMENTAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA COUNTRIES IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION	134
Zhappasov Zh.E., Tasylova N.A., Kylmeskanova S.S. KAZAKH-RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS DURING THE REIGN OF TAUKE KHAN.....	146
Zhumatov D.S. INTEGRATION OF THE KAZAKH LANGUAGE IN OFFICE WORK: PROBLEMS AND CONSEQUENCES.....	161
Zakarya R. POLICY OF THE SOVIET UNION REGARDING FOREIGN POLITICAL AND LABOR MIGRANTS IN THE PERIOD OF 1920-1930.....	169
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. POLITICAL AND ECONOMIC STEPS OF THE RUSSIAN GOVERNMENT IN THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN XVIII CENTURY (Based on the materials of Petropavlovsk history).....	177
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. SOCIO-ETHNIC SITUATION OF THE CITY OF PETROPAVLOVSK IN THE XIX CENTURY	191
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. NORTH KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....	202
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. ADMINISTRATIVE AND TERRITORIAL ISSUES OF KAZAKHSTAN IN THE SOVIET SYSTEM (on the example of the Northern region of Kazakhstan in the early twentieth century).....	216
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. HISTORICAL ISSUES OF RESEARCH OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN	233
Iyembekova M.O., Buzheeva B.Z. KAZAKHSTAN-AZERBAIJAN: POTENTIAL AND CURRENT STATE OF MUTUAL COOPERATION.....	244

Kabdushev B.Zh., Kudaibergenuly B. N. NURMAKOV AND RESTORATION OF KAZAKHSTANI INDUSTRY IN 1924-1929.....	258
Karibayev B.B., Nurtazina N.D. HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	274
Kalybekova M.Ch. PUNISHED PEOPLES: FROM THE HISTORY OF DEPORTATION OF PEOPLES IN KAZAKHSTAN.....	295
Kanagrova N. HISTORICAL AND CULTURAL CONTEXT OF TEXTS OF FOLK AND MODERN HOUSEHOLD-RITUAL SONGS.....	312
Kasenova A.D., Kurmankulov Zh., Suyundikova M.K., Utubayev Zh.R. INITIAL RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL WORK IN THE SANCTUARY OF UNIREK	327
Kudaibergenuly B., Kabdushev B.Z., Kozybayeva M.M. PAVLODAR IN THE YEARS OF THE GREAT PATRIOTIC WA	337
Kurmanaliyeva A.D., Khumarkhan Zh. THE PROBLEM OF THE ESTABLISHMENT OF RELIGIOUS COMMUNITIES IN THE CONTEXT OF THE CONCEPT OF SOCIAL GROUPS.....	352
Mukametkhanuly N., Beisenbayev O. CHALLENGES IN THE IMPLEMENTING OF «ONE BELT, ONE ROAD» INITIATIVE IN THE CONTEXT OF THE COVID-19 PANDEMIC	368
Mukhatova O. STUDY OF THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEP IN THE POST-SOVIET PERIOD (1992-2019).....	378
Omirbekova Zh. BASES OF FORMATION OF ETHNO-ECOLOGICAL TRADITIONS OF NOMADS OF EURASIA (based on materials from Russian researchers of the eighteenth century).....	390
Sadvokasova Z.T., Muhatova O.Kh. THE LEADERS OF THE POPULAR UPRISINGS IN KAZAKHSTAN OF THE XIX CENTURY (based on the materials of the Russian periodical press).....	402
Sarybayev M., Dikanbayeva A. KAZAKH - FRENCH RELATIONS IN THE FIELD OF CULTURE AND EDUCATION AT THE PRESENT STAGE...411	411
Sultangazy G.Zh., Mukataeva L.K. HISTORICAL MEMORY IN THE CONDITIONS OF MODERN KAZAKHSTAN: SEARCH FOR HEROES AND MEANINGS.....	420
Tolamissova A.G., Aidynbekuly A. THEORETICAL ASPECTS OF THE PROBLEM OF PATRIOTISM.....	429
Toktabay A.U. CAVALRY OF THE HUNS.....	439
Toktabay A.U. ONE OF THE FIRST PROFESSIONAL KAZAKH ETHNOGRAPHERS K. TAKEZHANULY.....	452
Toktabay A.U., Karamendina M.O. THE CULT MONUMENTS OF TASHKENT, ASSOCIATED WITH PROTECTORS OF ANIMALS (SHRINES ZENGI BABA, SHOPAN ATA).....	460
Tuleshova U., Galimov Y. RESEARCHING THE KAZAKH NOBILITY: ABOUT SOCIAL CHANGES IN THE 19TH CENTURY STEPPE.....	472
Ualtayeva A.S., Bidakhmetova Sh.B. WAYS TO IMPROVE INSTITUTIONAL INTERETHNIC MECHANISMS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	483
Ualtayeva A.S., Pernekulova M. STRENGTHENING INTERETHNIC TOLERANCE	492
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. OVERVIEW OF THE PAST GLOBAL PANDEMICS: INFECTIONS AND THE OVERALL COURSE OF THE HISTORICAL PROCESS.....	502

Uralbayeva Zh.	
G.A. KUSHAEV IN ARCHEOLOGICAL SCIENCE OF KAZAKHSTAN (to G. A. Kushayev's 95 year).....	515
Shalgynbay J.	
KAZAKH ART LITERATURE IN PUBLIC PUBLICATIONS	523
Shalekenov M.U.	
ETHYMOLOGY OF THE MEDIEVAL BALASAGUN	536
Shapiyeva G.	
FEATURES OF MIGRATION PROCESSES IN CHINA (late XX–early XXIcenturies).....	548
Shayakhmetov N., Baishov B., Çetin Nur	
DETERMINATION OF THE LEGAL STATUS OF THE CASPIAN SEA: HISTORY AND MODERNITY	560
Shildebay S.	
FROM THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE HEALTHCARE SYSTEM IN THE KAZAKH ASSR.....	583

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 2(22)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй